

ТОРҒАЙ ӨЛКЕСІНІҢ АРХЕОЛОГИЯСЫ ЕУАЗИЯ ӨРКЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ОБЪЕКТ РЕТІНДЕ

Жүсіп Ә.Т.

Ғылыми жетекшісі: «Тарих» ББ аға оқытушысы, магистр Оразбекова Р.С.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

auletbek.zhusup@bk.ru

Арқалық қ.

Торғай аймағы – Қазақстанның саяси, мәдени және тарихи орталығының бір бөлігі. Осы орайда, «Торғай» топонимикасы қайдан шықты? Неліктен «Торғай» аталды? - деген заңды сұрақ туындайды. Тарихтың беттерін салыстыра отырып қарасаңыз, «Торғай» терминіне қатынасты біраз деректер мен болжамдар бар. Бүгінгі ғылыми түсінік ретінде еститініміз мына бір нұсқа: Тіл маманы Сейітбек Нұрханов бұл сөзді торы қыпшақ пен оғыздың «қайы» тайпасының одағынан, яғни «торы» және «қай» сөздерінен шыққан деген пікір айтады. Бұл пікірді белгілі ғалым Қойшығара Салғарыұлы да қолдайды. Ал, ертеде осы өңірдің басты өзені Сауық атанса, кейін Торғай болып өзгерген [1].

Дүние жүзіндегі ең ежелгі, Тұран ойпаты жалғасы, Торғай топонимикалық аталуына тоқталсақ: «Торғай» - сөзі, сауық, суық немесе (балота) сарила-батпақ деп аталады. Ежелгі дүниеде Торғай-/тур/-орманды, Батыс Сібір орманының оңтүстігінен, қазақ жерінің солтүстігіне дейін тайға деп аталды [2]. Қалай десекте, «Торғай» топонимикасының қалыптасуын теріске шығара алмаймыз. Жалпы, Торғай өлкесінің тарихы сан ғасырлар мен жылдардың қойнауынан сыр шертетін, өзіндік парадигмалық қасиетке ие киелі мекен. Торғай өзені, Торғай қолаты, Торғай үстірті, Торғай губерниясы, Торғай бекінісі, Торғай қаласы және Торғай уезы. Бұл атаулардың бәрі де осы өлкенің сан қырлылығын, табиғатының ерекшелігін, тарихының көп қырлылығын көрсетеді. Бүгінгі Торғай бейнесі сонау XIX ғасырдан бастау алады. Тарихи дереккөздерге арқа сүйесек, 1845 жылы Торғай бекінісінің негізі қаланды. Сол дәуірден бері Торғай аймағы қала болып қалыптасты. Тарихқа алыстан көз тастасақ, бұл өлкенің тарихы тек XIX ғасырмен шектеліп қалмайды. Қазақстанда алғашқы өркениет қалыптасуымен бірге етене жақын дамып, жаңарып келеді. Тіпті, кейбір ғалымдардың монографиялық еңбектерінде «Торғай өлкесі ежелгі өркениетті қалыптастырушы» деген концепция айтылып жүр. Мысалы, зерттеуші ғалым Кеңесбек Мәулетұлының ғылыми зерттеулерінде Торғай төрткүл дүниесі туралы түсінік бар. Торғай төрткүл өлкесі деген ұғым – археология, геология, биология, антропология ғылымдарында күнделікті қолданылатын термин. Бұл, «Орал – Қазақстан регионы», «Орал – Қазақстан аймағы» сөзтіркестерімен бірдей, өйткені, бәрінің де мағынасы сол бір аймақ. Батысы – Орал Мұғалжар, шығысы – Сарыарқаға дейінгі, солтүстігі – Батыс Сібір ойпатының оңтүстігі, оңтүстігі – Арал теңізі мен Арал сырты құмы, Борсық құм, Қаракұммен шектелетін алқапта жер жаралғанда Тұран плитасының солтүстігінде бірге жаратылған Торғай ойпаты, Торғай қолаты, Торғай теңізі, Торғай бұғазы, Торғай үстірті – бәрінің басын қосады. Ғалымдар осы аймақты жалпылама: бірде Орал-Қазақстан (Торғай) регионы, бірде Оңтүстік Орал - Солтүстік Қазақстан, бірде Торғай даласы, бірде Торғай бұғазы дейді. Осыған дейінгі ғылымда, Қазақстан мен Оңтүстік Оралға адамдар мұз ерігеннен кейін неолит кезінде, яғни б.з.д. 8 мың жылдан кейін ғана келген деген ұғым мықты орныққан болатын. Ал шындығында нақ осы өңірде, ғалымдар, Торғай өлкесінің солтүстік батысындағы Оңтүстік Оралдағы ежелгі заман ескерткіші, палеолиттен темір дәуіріне дейінгі кезеңді түгел қамтитын көпқабатты Мысовая тұрағындағы артефактілер бойынша, – ежелгі адамдар бұл тұрақта б.з.д. біреулері – 800 мың, келесілері – 400-120 мың, енді біреулері – 200-120мың, тағы біреулері – 70 мыңыншы жылдары өмір сүре бастаған деп есептейді. Бұлардан шығатын қорытынды – Тұранның Торғай төрткүл өлкесіндегі Қарабалықты көлінің мүйісіндегі, орысша – «мысовая» аталатын, ежелгі адамдардың тұрағы, кем дегенде ортаңғы палеолиттен бастау алатын, дүние жүзіндегі ең ежелгі, көп қабатты: палеолиттік, мезолиттік, неолиттік, энеолиттік ескерткіштер бар. Ол аз болса Атбасар мәдениетіндегілер палеолит, мезолит, неолитте, яғни б.з.д. 40 мың жылдан 5 мың жылға дейін тұрған. Б.з.д. Капова үңгірінде – 18 мыңыншы; Игнатев және Серпиев үңгірлерінде – 14 мыңыншы; Янгель мәдениетінде – 12 мыңыншы; Прибельскіде – 9 мыңыншы; Маханджарда – 7 мыңыншы; Тасбулатов, Ботай – Терсек мәдениеттерінде – 6 мыңыншы; Ақеділ мәдениетінде – 5 мыңыншы жылдардан бастап тұрғандарын ғылыми зерттеулер, мәдени ескерткіштер анықтағалы кем дегенде 30-40 жылдан асты. Палеолиттік, мезолиттік, неолиттік бұндай бай және көп мәдени ескерткіштері бар өлке дүние жүзінде еш жерде жоқ, Торғай төрткүл өлкесімен бұл жөнінде Африка, Таяу және Орта Шығыс, Қосөзен – ешқайсысын салыстыруға да жарамайды. Оларда бұндай ескерткіштер болса бірді-екілі, әйтпесе тіпті жоқ. Янгель мәдениетінде, микролит пен қол орақ, астық сақтайтын ұра, кетпен-шоттың табылуы, ғалымдардың ойынша, ежелгі Тұранда, Торғай төрткүл өлкесінде – Оңтүстік Оралдың шығыс беткейінде сол кездің өзінде мезолитте (б.з.д. 12-9мың жыл) егіншіліктің туғанын білдіреді, бұл дегеніңіз осыған дейін егіншіліктің

алғашқы отаны деп жүрген – Чатал – Гуяктен 3 мың жыл бұрын, Тұран – Торғайда прототүріктер егін егуді бастап, кейін оны басқаларға үйретіп, таратқанын көрсетеді; – Прибельск мәдениетінің (б.з.д. 9-6 мың жыл) Оңтүстік Орал сыртындағы Давлеканово, Муллино тұрақтарында қолға үйретілген қой, ешкі, сиыр, жылқы, яғни үй малдарының барлық түрлерінің, әсіресе жылқының көп сүйектері, жергілікті сүйіртүпті керамианың әртүрлі өрнекпен салынған түрлері табылған. Олардың уақыты б.з.д. VII-VI мың жылға келеді. Бұлар Тұрандық – Торғайлық прототүріктердің әлемде бірінші болып малдың төрт түлігін де қолға үйреткенін көрсетеді. Бұл кезде Таяу шығыста тек ешкі мен қой ғана қолға үйретілген болатын, ал жылқы болса Месопотамия мен Египетте – Тұран-Торғайдан кейін 3мың жылдан соң ғана пайда болды. Өндіргіш шаруашылықты Қазақстанға қола дәуірінде үндіеуропалықтар әкелді деген де бос сөз. Тұран-Торғайда өндіргіш шаруашылық мезолиттің аяғында-ақ, үндіеуропалықтардан 2-3 мың жыл бұрын жергілікті Атбасар, Янгель, Прибельск мәдениеттерінде пайда болған. Б.з.д. 10-8 мың жылдықтарда мезолит заманында-ақ, прототүріктер, тағы аттарды қолға үйреткен, кейіннен қырды мекендеген адамдардың атты сал мінуге пайдалануы атты жауынгердің пайда болуын, жеке аудандардың мәдени-шаруашылық томаға-тұйықтығы бұзылып, көрші және алыс тайпалармен, халықтармен экономикалық және мәдени байланыс жасалуын қамтамасыз етті, бұл оларға басқа өңірлердегі халықтарға қарағанда көп артықшылықта берді, соның арқасында далалықтар сол уақыттан бастап, біздің заманның XIV-XV ғасырына дейін «әлемнің патшасы» болды [3]. Демек, бұдан түйетініміз Торғай өлкесіне жататын бірқатар археологиялық мәдениеттер сол дәуірдің өзінде Еуразия даласына таралып, кейінгі еуразияның археологиялық мәдениеттерінің пайда болуына, тарих сахнасына шығуына серпін болды. Аталмыш деректер зерттеуші ғалым, Кеңесбек Мәулетұлының ғылыми мақалаларынан, монографиялық еңбектерінен алынды. Зерттеушінің тағы бір дерегінде Торғай төрткүл өлкесіне қатысты археологиялық дәлелдің мына бір тармағы жазылған: «Археологиялық қазбалар шумерлер мен египеттіктердің жазбаша деректерін расқа шығарып отыр: әскери қос дөңгалақты арбалар Торғай бұғазының солтүстік шығыс жағалауындағы Есіл өзенінің бойындағы Кеңес, Бірлік және батыс жағасындағы Тобыл өзені бойындағы Сынтастыдағы қорымдардан табылған» [3]. К.Мәулетұлының ғылыми зерттеуіндегі осы бір деректі қысқаша түсіндіргенде қазіргі күні біз бен сіз білетін ежелгі өркениет ошағы Қосөзен жеріндегі халықтар металл өндіруді, жерлеу ғұрыптарын және әскери арбаны жасауды да Азиядан, оның ішінде Тұран-Торғай аймағынан үйренгені жазылған.

Ғалым Г.Н. Матюшиннің дерегі бойынша, алғашқы сауда жолын да Тұран-Торғайлық прототүріктер салған, ол бұдан 70 ғасыр бұрын, б.з.д. 5 мыңыншы жылдары Оңтүстік Орал – Орта Азия – Оңтүстік Месопотамияға дейінгі екі ортаны қосып, Торғай төрткүл өлкесіндегі бай қымбат тастар мен алтын қорларынан алынған байлықпен сауда саттықты жүргізген. Маханжар мәдениеті негізінде неолитте батыстағы Украина да сурскі – днепров мәдениеті қалыптасқан. Алғашқы қола бұйымдары Қазақстанда б.з.д. 4 мың жылдықтың басында (нұра мәдениеті) және ортасында (петров мәдениеті) пайда болды, ал – Таяу Шығыста (Зеравшандағы – Саразм мәд.) – б.з.д. 3100-2280 жылдары, Еуропада – одан да кейін б.з.д. 3-2 мыңыншы жылдары ғана пайда болды. Ботай – Терсек мәдениеті негізінде, ерте қола дәуірінде Сарыарқада – Нұра (б.з.д. 4 мыңыншы жыл) мәдениеті қалыптасып, орта қолада одан Торғай төрткүл өлкесіндегі Петров мәдениеті (б.з.д. 4 мыңыншы жылдың ортасы) пайда болды, одан Арқайым-Сынтасты мәдениеті қалыптасқан деп есептейді ғалымдар. Ғалымдардың қорытындысы бойынша –Арқайым-Сынтасты мәдениеті – жергілікті (автохтонды), бұл мәдениеттің негізі – Оралдан Ертіске дейінгі далалық аудандағы, палеолиттен бастап генетикалық байланыста, үзіліссіз сабақтас даму үстіндегі неғұрлым бай және және әртүрлі мәдени ескерткіштері бар мәдениеттер бірлестіктері, жасаушылар – жергілікті прототүріктер [5]. Яғни, археология ғылымында көп таралған еуразиялық танымал мәдениеттердің негізгі ошағы Торғай төрткүл аймағынан бастау алғанын көрсетеді. Жалпы алғанда Торғай өңірінің археологиялық мәдениетіне – Дүзбай, Маханжар, Сор, Бестамақ, Амангелді, Екідің, Белқарағай, Тұздықөл, Қараторғай-Сарыторғай елді мекендердің аумағынан табылған археологиялық тұрақтар, ескерткіштер кіреді.

Мақаламыздың негізгі мазмұны бойынша Торғай аймағының археологиялық ықпалы кең ауқымды екенін көріп отырмыз. Осыған байланысты, шешімі әлі толық анықталмаған Торғай өлкесіне жататын тағы археологиялық атаулар бар. Оны бір сөзбен – Торғай геоглифтері деп атайды. Бұл атау, Тобыл-Торғай тұрғындарына жат емес. 2007-2008 жылдары жазда Торғай археологиялық экспедициясы үш нысанды (Үштоғай төрттағаны, Торғай свастикасы, Шіле төрттағаны) зерттеу бойынша барлау жұмыстарын ұйымдастырды.

- Үштоғай төрттағаны Қостанай облысы Амангелді ауданының Үштоғай кентінің шығысында 15 км жерде орналасқан, қиғаш сызықты белгісі бар, төрттаған айшығы тәрізді. Диаметрі 10-12 м, биіктігі 1 м 101 үйіндіден құрылған. Төрттаған қабырғаларының ұзындығы 287 м, қиғаш сызықтың ұзындығы 406 м.

- Торғай свастикасы Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек кентінің түкпірінде орналасқан. Геоглиф үш сәулелі свастика нысанында жасалған үйінді тәрізді. Әрбір сәуле ирек тәрізді пішінмен аяқталады, соңы сағат тіліне қарсы иілген.

- Шиелі төрттағаны Арқалық қаласына қарасты Қайыңды ауылының батысында жатыр. Төрттаған қабаттарының ұзындығы шамамен 225 м. Күшті толқынның ені 10-12 м, биіктігі 1-1,5 м, шұңқырдың ені 10-12 м, тереңдігі 1 м дейін. Оңтүстік жағында шұңқыр тәрізді кіретін жері бар [7]. Зерттеушілер аталған нысанмен жұмыс жасаған кезде тарихи құжаттар, атап айтқанда, 1771 жылы капитан Николай Рычковтың Қырғыз-қайсақ даласына саяхатқа шығу кезінде жазба күнделігі қолданылғанын айтады.

Н.Рычков Қырғыз-қайсақ даласына саяхат жасай жүріп, «толқындар» мен шұңқырлардан құрылған қалашық табады. «Ол қала төртбұрышты сарай тәрізді салынған, барлық жақтарында тепе-тең вал кеңістігі бар. Шығыс жағында құлап жатқан валы бар жер қақпасы және шұңқырлар көрінеді, яғни, ол жердің ертеде салынғанына дәлел», – деп келтіреді ғалым. Қазіргі қолда бар деректерді сәйкестендіре қарасақ, қостанайлық зерттеушілер де, Н.Рычков та бір нысанды айтып отырғаны белгілі [7]. Жазып отырған ғылыми мақаламызды тәжірибе түрінде негіздейтін болсақ, 2023 жылдың сәуір айында өткен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында «Тарих» пәнінен республикалық пәндік олимпиаданың қарсаңына орай, өлкені таныстыру мақсатында Амангелді, Жангелдин аудандарының тарихи орындарын араладық. Сол уақытта жаңағы біз жазып отырған Торғай геоглифтарына көзіміз куә болды. Біз көрген тамаша археологиялық туынды Торғай свастикасы деп аталды. Амангелді ауданына қарасты Үрпек ауылынан 16 шақырым жерде орналасқан. Бұлай жүргенде байқалмайтын свастиканы дрон арқылы әуеден тамашалай аласыз. Сондықтан да, көзбен көріп келген археологиялық тамаша туындыны мақаламызға кірістіруді жөн көрдік.

Металлдың адамзат өмірінде де маңызы зор болды: ең алғашқы мемлекеттік сауаттылық, бірінші мемлекеттік символдар мен белгілер, бірінші патшалардың қорым-қорғандары басқа жерде емес, энеолитте – нақ осы ежелгі Тұранда, Оңтүстік Орал – Қазақстанда, Торғай төрткүл өлкесінде пайда болды, нақ осында адамдар арасында қоғамдық саралау (дифференциация) қалыптасты. Металлдың сырын ашудың – әскери істе де үлкен рөлі болды, металдан жасалған қарумен жарактанған прототүріктер, бұндай хабары жоқ басқа өңірлерді өздеріне бағындырып, қарата бастады. Ғалымдардың пікірінше, металлургия мен металды өңдеудің туу бесігі мен даму орталығы қазақтың Сары-Арқасы, нақ осында түрік халқы далалық қорғандық (Ботай-терсек, Арқайым-сынтасты, андронов, сак, ғұн және түріктік) мәдениетті жасады. Тарихтың ешқандай кезеңінде үндіеуропалықтардың Оңтүстік Орал және Қазақстан даласына қозғалысы болған емес.

Қазақтың көрнекті археологы Ә.Х. Марғұланның айтуы бойынша, неолит дәуірінің өзінде-ақ, еншісіне металлургия дәуірін ашып, жаңа жоғары мәдениет жасау жазылған, қашаннан осы ұлы даланы мекендеген, жергілікті тума ұлдарының этномәдени негізі қаланды деп есептейді. Бұлар: ұрпақтары азиаттық скифтер немесе орал-алтайлықтар деп аталатын осы даланың тума ұл қыздары еді. Оның қатарында, нақ бел ортасында, кәзір ғалымдар «Торғайдың ұлы даласы» («Великая Тургайская степь») деп атап жүрген Торғай төрткүл өлкесінің: – оңтүстік-шығысындағы – Ұлытау бөктерлеріндегі Жезказған өңірінде, Кеңгір, Ұлы Жыланшық, Сары-Торғай, Қара-Торғай, Торғай, Қабырға өзендері бойларында; – солтүстік-шығысындағы – Көкшетау Сарыарқаға ұласып жатқан Торғай үстіртінің шығысын тілімдей аққан Есіл, Обаған, Тобыл өзендері бойларында;

– солтүстік-батысындағы – Торғай үстіртінің батыс жағының Оңтүстік Оралмен астасқан тұсындағы Үй, Ор, Тобыл, Ақ Жайық өзендері бойларында; – оңтүстік-батысындағы – Торғай ойпатының батысындағы Мұғалжар тауларымен астасқан тұстарын айшықтап ағып жатқан Өлкейік, Нұра, Шаған өзендері бойларында; – оңтүстігіндегі – Арал теңізі, Арал маңы Борсық құмы, Қара құм, Сырдарыяның Аралға құятын сағасында, сол ежелгі заманда палеолит дәуірінде, ата-бабалары өмірге келген, қашаннан сол өңірде отырықшы өмірмен сол кездердің өзінде адамзаттың озық мәдениеттерін жасаған, оны оңтүстік, батыс, шығысқа таратқан Тұранның Торғайлық ұлдары–прототүріктер де бар болатын [5].

Саралауымызша, Атбасардағы, Ұлытау өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді Торғай төрткүл аймағының археологиясына енгізе аламыз. Себебі, біз жоғарыда Торғай өзені туралы ұғымды атап өттік. Өзеннің бастауы Ұлытаудан алатындықтан, күллі Сарыарқаның археологиясын осы өңірдің құрамына жатқыза аламыз деп тұжырым жасауға болады. Торғай мекенінің археологиясына зер салсаңыз бір туындыға сыйғыза алмас едіңіз. Сондықтан да біз, қысқаша түрде анализ жасай отыра, Торғай өңірінің археологиялық ескерткіштерінің нәтижесінде Еуразияның өркениетін қалыптастырушы деген концепцияны алға тартып отырмыз. Мақаланы жазу барысында, ғылыми негізделген факттерге сүйене отыра, отандық және шетелдік ғалымдардың сараптаулары нәтижесінде жазылған ақпараттарды феномен ретінде қарастырдық.

Жалпы алғанда, Қазақстанның археологиясы кешенді түрде кеңестік кезеңде зерттеле бастады. Ол Қазақ КСР ҒА-мен тікелей байланысты еді. 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы (ҒА) құрылады да Қ.Сәтпаев бастаған қазақтың ірі ғалымдары отан ғылымын жаңашыл бағытта зерттей түседі. Осы кезеңде тарих бетіне Ә.Марғұлан, К.Ақышев, Х.Алпысбаев сынды археолог ғалымдар шықты. Соның арқасында Қазақстан археологиясы түбегейлі зерттелу деңгейіне түсіп, Оңтүстік Қазақстан аймағы, Ұлытау өңірі, Солтүстік Қазақстан және Торғай өңірлерінің жасырын жерасты тарихы ғылым бетіне қалқып шықты. Қазіргі таңда Торғай атырабына кіретін көптеген археологиялық кешендер жатыр. Олар: Ағайдар тұрақтары (неолит, энеолит к.), Ақкісі тұрақтары (ерте темір д.), Байғабыл, Алакөл, Жаңатұрмыс тұрақтары (неолит, қола д, темір д.), Құмкешу және Тоқанай тұрақтары (неолит, энеолит, қола д.), Ақжар қорымы (ғұн-сармат д.), Ақкөл, Ақшығанақ, Шуақбай тұрақтары мен қорғандары, Михайловка, Саба тұрақтары, Маятас, Арықбақсы, Ақбұлақ, т.б қорымдары мен тұрақтары. Бұдан бөлек аталмаған археологиялық ескерткіштер өте көп. Аталған археологиялық тұрақтардың бәрі де жер атауымен аталып, Торғай – Арқалық – Қостанай трассасының бойында орналасқан. Белгілі тарих ғылымдарының кандидаты Ақан Оңғарұлының «EQEMEN QAZAQSTAN» газетіне берген сұхбатында: Торғай – сак пен сарматтың мекені деп тәмсіл айтты. Бұған дәлел ретінде біз жоғарыда Саба тұрақтары деген сөз қозғадық. А.Оңғарұлы бастаған археолог ғалымдар Әбдіғаппар хан ауылына (Арқалық к.) қарасты Саба деген жерде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде, б.з.б VII-VI ғасырларға жататын Саба-1 қорымынан сақтар заманына сай жерлеу ғұрпы мен алтын әшекейлі киіммен

жерленген мәйітті табады. Алайда бұл, ерте тоналған қорым болып шығады. Соның өзінде мүрденің шалбарына көмкерілген түрлі асыл тасты әшекейлер мен алтын бисерлердің табылуы - Торғай төңірегін ерте темір дәуірінде сақ пен сарматтың мекен еткен жері деп пайымдауымызға болады. Бұны, сол қорымды зерттеуші археологиялық экспедициясының басшысы археолог, т.ғ.к А.Оңғарұлы растап отыр.

Мақаламызда тағы бір сөз ететін жайт – Мақанжар мәдениеті. Бұл, Торғай ойпаңында кеңінен таралған мезолит және неолит (тас дәуірі) кезеңдеріне жататын бірегей мәдениет. Мақанжар мәдениеті 1970-1990 жж. аралығында ғалым В.Н.Логвиннің Қостанай және Торғай археологиялық экспедициясын бастауымен ашылып зерттелді. Мақанжарға жататын ескерткіштер саны 16, оның 13-де (Алқау-2, Амангелді, Бестамақ, Түрлі-2, Дүзбай-1-3, Екідің-24, Қарамырза-6, Надеждинка-2, Саз-2, Солёное озеро-2, Сұлукөл-1) қазба жұмыстары жүргізілген. Мұнда көбіне құрылыс іздері сақталмаған, тек, Дүзбай-1 тұрағынан тік бұрышты тұрғын үй кешенінің бір бөлігі ғана сақталған.

Егер осы мақаланы толық оқып, көңілге ұғындыра алсаңыз, шыныменде, Торғай археологиясы ежелгі өркениеттің бастауын көрсететініне куә боласыз. Оған жоғарыда жазылған біраз ғылыми дәлелдерді негізге ала отыра зерттедік. Сол үшін де жұмысымызды «Торғай археологиясы Еуразия өркениетін қалыптастырушы объект ретінде» деген тақырыппен жазып отырмыз. Құрметті ғылым сүйер қауым, шынгуайтына келгенде, Торғай жерінің археологиясы өте тереңде жатқандығы жасырын емес. Мақаланың мақсаты – оқырманға Қазақстан археологиясын жаңашыл тұрғыдан саралау. Біз әрине, осы уақытқа дейін Торғай археологиясының бұндай қырларын жетік білмедік. Осы Торғай археологиясы, болашақ студенттер қауымына (тарих мамандығы бойынша) ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруда таптырмас тақырып. Киелі Торғай жерінің ашылмаған жерасты тарихы әлі де жетерлік. Торғай атырабына кіретін қаншама өзен-көлдер бар. Тарих заңдылығы бойынша белгілі бір өркениет қалыптастыруда, шаруашылық пен өнеркәсіптің пайда болуына қолайлы ол – өзен аңғарлары. Ежелгі тарих ғылымында шумерліктердің Қосөзен (Месопотамия) бойына, египеттіктердің Ніл бойына, қытай халықтары Хуанхэ мен Янцзы өзендерінің аңғарларында қоныстануы, ежелгі өркениеттің қалыптасуындағы басты факторлардың бірі. Сол секілді, Ежелгі Қазақстан тарихы ғылымында отандық өркениет пен мәдениеттің бастауын білдіретін өзен мен көл аңғарлары жетерлік. Олардың біразы, Қазақ КСР ҒА-мен, ҚР Ұлттық ҒА-мен, Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтымен, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтымен, сондай-ақ, еліміздің жетекші оқу орындарындағы археология бөлімшелерінің арқасында зерттелді. Мақаламыздың негізгі мазмұны әлемдік немесе қоғамдық резонанс туғызуы ықтимал. Алайда, Торғай археологиясының әлемдік тарих ғылымына, оның ішінде археология саласына үлкен үлес қосуы жасырын емес. Және ол нақтыланған аксиома. Егер сіз мақаланың мазмұнымен келіспейтін болсаңыз, мына бір деректі келтірейік: Біріншіден, әлем бойынша алғаш жылқы малын қолға үйретілу кезеңі энеолит заманына тән Ботай тұрағында қалыптасты. Алғаш рет жылқы малының қазақ жерінде үйретілуі, әлемдік өркениетті қалыптастырушы бір дерек деп түртіп қойыңыз. Екіншіден, ауыздықтың, түрлі ат әбзелдерінің бір тарамы Қостанай обл. Лисаковск маңынан табылған археологиялық жәдігерлер дәлелдейді. Бұл, тақырыпқа сәйкес Торғай аймағына жатады. Үшіншіден, көшпенділердің шалбарды ойлап табуы. Нақтырақ, Германия археологиялық институтының Шыңжаңда жүргізген археологиялық зерттеулері нәтижесінде табылған шалбардың формасын қалпына келтіргенде, үш жарым мың жыл бойы өзгеріссіз бүгінге дейін сақталған көшпенділер шалбары – үлкен сенсациялық жаңалық [11]. Көшпенділер деп отырғанымыз сақ пен ғұнның заманы. Ол өз кезегінде, кейбір сақ пен ғұнның тармағы Торғай өңірінде қоныстанғаны жасырын емес. Торғай өңірінде ерте темір дәуіріне жататын тұрақтар мен қорымдардың табылғаны осыған бір дәлелдің болуы деп қойыңыз.

Міне, құрметті оқырман, мақаламыздың негізгі өзегі бойынша жан-жақты ізденіп, осындай зерттеушілік жұмысты жаздық. Жалпы Торғай археологиясы, Қазақстан археологиясының бір тармағы ретінде әлі де зерттелініп, ашылмаған қырлары келешектің еншісімен толығар деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Торғай даласының тарихи атаулары. multiurok.ru/files/torg-ai-dalasy-nyn-tarikhi-...
2. Торғай өлкесіндегі көне топонимикалық жер-су атауларының мәні мен маңызы. Курмангазы Баймаков//Білімді ел порталы bilimdinews.kz сайты
3. Торғай өлкесі: тарих пен уақыт. Кеңесбек Мәулетұлы// emirsaba.org/torfaj-olkesi-tarih-pen-uait.html сайт.
4. Неолит дәуіріндегі Торғай тайпаларының қыш өндірісі. И.В.Шевнина/ IVтом. - Астана 2014ж. Монография.
5. Торғай өлкесі және ежелгі өркениет. К.Мәулетұлы/e-history.kz/kz/news/show/3347 сайты
6. Археология оқулығы. Дөкей Талеев. - Астана, 2010 ж.
7. Торғай геоглифтері – теңдессіз құбылыс. Авт: Асыл Қасым. (интернет дереккөзі)
8. Скотоводы Тургая в третьем тысячелетии нашей эры. Авт: С.С. Калиева, В.Н.Логвин., - Кустанай 1997 г.
9. Қостанай облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі//Уикипедиялық дереккөзден алынды

10. Қарт Торғай – сақтар мен сарматтар мекені. «Егемен Қазақстан» порталы. Т.ғ.к А.Оңғарұлы сұхбатынан

11. Айдын ЖҮНИСХАНОВ: «Археология – тарихынды көзбен көріп, қолмен ұстау» | Қазақстандағы Ислам. kazislam.kz порталы

БОТАЙ- СОЛТҮСТІК ДАЛА ҚАЗЫНАСЫ

Канатова Б.Е.

ғылыми жетекшісі: Шаяхметова М.Н., п.ғ.к.

Қарағанды зерттеу университеті,

honh9764@gmail.com

Қарағанды қ.

Еліміздің солтүстігіндегі Айыртау ауданының аймағында орналасқан Ботай қонысының адамзат тарихында алатын орны ерекше. Бір жағынан-өзен, екінші жағынан-орман алқаптары алып жатыр. Әлем "Ботай мекенін" алғаш рет белгісіз ғалым В. Зайберт арқылы естісе, Зайберттің ғылыми ортадағы есімі де осы "Ботай қонысы" арқылы биіктерге көтерілді. Ботай мәдениетінің құндылығы жайлы В.Зайберттің тұжырымдамасында "Ботай қонысы Орталық Азия даласында жылқыны қолға үйретудің ең алғашқы археологиялық дәлелі істептес",-делінеді. Зайбертке "Ботай- ежелгі адамдар мекені" деген ғылыми еңбегі үшін Берлин университетінің корреспондент мүшесі деген құрметті атағы берілді.

Бірден бір энеолиттік Ботай қоныс мекенінде біраз жыл бойы жүргізілген Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларының ғылыми зерттеулері, және бірқатар елдер ғалымдарының ізденістері жалпы Еуразия мен Қазақстанның ежелгі тарихында бірталай ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді: Жылқы жер бетінде тұңғыш рет б.з.б. 4 мыңжылдықта Солтүстік және Орталық Қазақстан даласында қолға үйретілді, осы тұста адамзат бірнеше миллион жылдық эволюциялық дамудан кейін жаяу жүрістен жылқыға ауысты, осы жағдай әлемдік тарихи үдерістің дала өркениетінің басы, әрі ширақ үдеткіші болды. Ботай қоныс-мекені әлемде алғашқылар қатарында жартылай отырықшылық тұрмыс салтына көше отырып, тұңғыш рет адамдардың нағыз сәулетшілік тәсілдермен ағаштан күрделі үй құрылыстарын тұрғыза бастады. Ботай мәдениетінің тұрғындары қола дәуіріне дейін екі мың жыл бұрын мыстан жасалған құрал-саймандар мен әртүрлі заттарды қолданған. Сол кезде тіпті тамаша шеберлер, суретшілер мен зергерлер өмір сүрген.[2, 26 б]

Энеолиттік Ботай қонысының қазба жұмыстары 1980 жылы басталып, әлемге танылған ескерткіштердің бірі болып аталды. Жылқының алғаш рет қазақ даласында қолға үйретілгені Ботай қонысында жүргізілген археологиялық, остеологиялық зерттеулер арқылы даусыз дәлелденіп отыр. Қазба жұмыстары дәлелдегендей, Орталық Азияның байтақ даласында осыған дейін жазылғандай “қаңғыбас балықшылар мен аңшылар” емес- өзен аңғарында және көл жайылымдары маңында орналасқан кішігірім ауылдарды мекендеген отырықшы қауымдардың қоныстағаны дәлелденді. Адамдар біртіндеп балық аулап, отырықшылыққа көшіп, терумен, аңшылықпен айналысқан, және тіпті тас және сүйектен құралдар жасап өндірген. [2, 32 б] Сонымен қатар, Ботай мәдениетінің тұрғындары жылқыны үйірлеп қамап, етін жеп қана отырмаған. Қазбадан табылған жылқылардың тістері мүжілген, әрі оған сызат түскен. Осыған қарап ғалымдар жылқының мініске пайдаланылып, оларға ауыздық тағылғанын анықтап отыр. Сол заманнан бастап ат әбзелдерінің, құрықтың, теріден тігілген шалбардың, тізеден асатын тері етіктің және тымақтың табылғаны таңғалдырады. Осы деректерді негізге алған Хартуик университетінің зерттеушісі Дэвид Энтони: "Жылқылардың азу тістері зақымданған, бұл аттардың көлік ретінде пайдаланылып, қолға үйретілгенін дәлелдейді. Егер Ботай мәдениетінің жұрты биені сауып, сүтін пайдаланған болса, бұл жылқылар жабайы емес, қолға үйретілгені анық",-деп түйін сөзін айтқан. Олар жылқыны азық ретінде де, мініс көлігі ретінде де, сусын көзі ретінде де пайдаланған. [4, 343 б]

Ботай қоныс-мекені әлемде алғашқылар қатарында жартылай отырықшылық тұрмыс салтына көшкен. Далада тұңғыш рет адамдар нағыз сәулетшілік тәсілдермен ағаштан күрделі үй құрылыстарын тұрғыза бастаған. Жартылай жертөлелер ағаштан, сазбалшықтан, жылқы сүйегінен, қайыңның қабығынан және шымнан салынды.[5] Ботай қонысы Иманбұрлық өзенінің бойындағы 15 гектар жерді иемдейді. Жалпы қоныста үйлер саны 200-300-ден кем болмады, бұл санды археологтар қазба жұмысы барысында қазылған 109 ойыстан анықтады. Сонымен қатар 76 шаруашылық-тұрғын құрылыстар анықталып, зерттелген. [1, 71 б] Қазіргі территория бетінде 158 тұрғын үйдің жұрты табылған, ал қау барысында олардың қонысы тіршілік еткен соңғы кезеңінде салынғаны анықталды. Ертедегі поселкенің құрылыстары өте тығыз болған: тұрғын үйлер көбінесе бір-біріне жақын орналасып құрылған, мұндай жоспарланған орындарға жататын құрылыстар саны 30-ға дейін жетеді. Олардың ішінен белгілі бір жүйені байқауға болады: ені 4-8 м болатын, ал ұзындығы 50 метрге дейін жететін параллель көшелердің екі жағында кейде 15-16 үйден салынған.[7, 96 б]

Өндірістік-шаруашылық саймандар алуан түрлі тастардан, сазбалшықтан және сүйектерден жасалды. Жүгеннің сүйек элементтері, кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйретіле бастағанын дәлелдейді. Тастан тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, боластар, жебелердің, сүңгілердің, найзалардың ұштары аң аулаумен